

Павлодар облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 наурыздағы "2017 жылғы агроөнеркәсіптік кешені саласындағы кейбір мәселелер туралы" № 64/2 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 19 қазандағы № 309/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 02 қарашада № 5668 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағының 4), 7) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 наурыздағы "2017 жылғы агроөнеркәсіптік кешені саласындағы кейбір мәселелер туралы" № 64/2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5430 болып тіркелген, 2017 жылғы 31 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б. Қ. Қасеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Бақауов

Павлодар облысы әкімдігінің
2017 жылғы "19" қарашадағы

№ 309/5 қаулысына
қосымша
Павлодар облысы әкімдігінің
2017 жылғы "24" наурыздағы
№ 64/2 қаулысына
1-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2017 жылға арналған субсидиялар көлемдері

Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативтері, 1 бірлік үшін, теңге	Субсидияланатын көлем (бас, килограмм, дана)	Субсидиялау сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5
Етті мал шаруашылығы				
Асыл тұқымды және селекциялық жұмыс жүргізу				
Тауарлы аналық бас				
Базалық норматив	бас	10 000	46 718	467 180
Қосымша норматив:				
80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	8 000	26 050	208 400
60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	6 000	12 350	74 100
Асыл тұқымды аналық бас				
Базалық норматив	бас	10 000	15 475	154 750
Қосымша норматив:				
80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	10 575	211 500
70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	2 900	43 500
Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	2 090	313 500
Барлық сомасы				1 472 930
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
Асыл тұқымды аналық бас				
Базалық норматив	бас	10 000	7 000	70 000
Қосымша норматив				
70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	6 800	136 000
60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	200	3 000
Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	300	51 000
Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату:				
бағымдағы мал басы 400 бастан басталатын шаруашылық	кг	25	16 000 000	400 000

бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	кг	15	6 666 730	100 000,950
ауыл шаруашылығы кооперативтері	кг	10	2 000 796,6	20 007,966
Барлық сомасы				780 008,916
Мал шаруашылығы				
Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде, сондай-ақ қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	3 000	4 000	12 000
Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	100 000	41	4 100
Барлық сомасы				16 100
Етті құс шаруашылығы				
Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату				
1000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	кг	50	2 000 000	100 000
Барлық сомасы				100 000
Шошқа шаруашылығы				
Шошқа етін өндіру құнын арзандату				
нақты бордақыланғаны 3 000 бастан бастап	кг	100	2 000 000	200 000
Барлық сомасы				200 000
Қой шаруашылығы				
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	2 500	3 800	9 500
тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500	15 000	22 500
Асыл тұқымды қойлар сатып алу				
тұқымдық қошқарлар	бас	20 000	100	2 000
Барлық сомасы				34 000
Жылқы шаруашылығы				
Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	32	3 200
Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000	57	2 280
Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	кг	60	116 667	7 000,020
жылқы етін өндіру құнын арзандату	кг	92	217 392	20 000,064
Барлық сомасы				32 480,084
Балара шаруашылығы				
Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы	10 000	570	5 700
Барлық сомасы				5 700
Барлығы				2 641 219

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК